



SOROS.KZ



# OPEN BUDGET FELLOWSHIP 2018

## ЗЕРТТЕУ

Астана қаласы бойынша «Жастар практикасы» бағдарламасының ашықтығы мен ақпаратқа қолжетімділігі.

**М. НАСИБУЛОВ**

Бұл мақала Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен  
"Zertteu Research Institute" ҚҚ жүзеге асырған Open  
Budget Fellowship жобасының аясында жарияланды.  
Жарияланым мазмұны авторлардың жеке көзқарасын  
білдіреді, сәйкесінше Сорос-Қазақстан қорының көзқара-  
сымен сәйкес келмеуі мүмкін.

# МАЗМҰНЫ

1. «Жастар практикасы» бағдарламасы туралы. ....	3
1.1. «Жастар практикасы» бағдарламасының Астана қаласы бойынша орындалуы мен нәтижелері (2015-2018 жж.) .....	5
1.2. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша «Жастар практикасы» бағдарламасының 2019-2021 жылдарға жоспары. ....	8
2. Астана қаласы жастары мен жұмыс берушілеріне «Жастар практикасы» бағдарламасы туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі. ....	9
2.1. Астана қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығының ресми сайты талдау..	10
2.2. Астана қаласының ХЖҚО-ның ресми сайты Тараз қаласы ХЖҚО-ның ресми сайтымен салыстыру. ....	11
3. Қорытынды. ....	12

## **1. «ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ.**

**Жастар практикасы** – жергілікті атқарушы органдар өңірлік еңбек нарығындағы жағдайды ескере отырып ұйымдастыратын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім берудің кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының түлектері алған кәсібі (мамандығы) бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтау мақсатында іске асыратын еңбек қызметінің түрі.

«Жастар практикасы» бағдарламасының тарихы 2009 жылдан басталды. «Жол картасы» бағдарламасы бойынша 2009 жылдан бастап ұйымдастырылып келеді.

2012 жылдан «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы аясында жүргізілді. «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы 2016 жылғы 29 желтоқсанда күшін жойып, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша жүзеге асып келеді.

Жастар практикасы жұмыс берушілерде олардың меншік нысанына қарамастан ұйымдастырылады.

### **Жастар практикасын ұйымдастыру**

Жастар практикасы білім беру ұйымдары түлектерінің меңгерген кәсібі (мамандығы) бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін алуы мақсатында түлектер үшін ұйымдастырылады. Түлектердің меңгерген кәсібі (мамандығы) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының, оқуды аяқтаған кейінгі 3 жыл ішіндегі және 29 жастан аспаған түлектері қатарындағы жұмыссыздарға арналған. Жастар практикасы барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда ұйымдастырылады, бұл ретте салық және басқа да әлеуметтік аударымдарды ұдайы жүргізетін, жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ және бір жылдан астам қызмет ететін жұмыс берушілердің қатысуына жол беріледі. Оған қоса тұрақты жұмыс орындарынан тыс және бос тұрақты жұмыс орындарынан тыс жүргізіледі.

Бағдарлама бойынша жұмыс орындарының саны шектелмейді және уақытша сипатқа ие болады. Жастар практикасының бағдарламасының тәжірибеден өту ұзақтығы 6 айдан аспауы тиісті.

Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың міндеті:

- жастар практикасын ұйымдастыруға сұраныс пен ұсынысты қалыптастырады;
- жастар практикасын ұйымдастыруға өтінім берген өңірлердегі ұйымдардың тізбесін, білім беру ұйымдары түлектерінің қатарынан тартылатын жұмыссыздардың санын, олардың еңбек жағдайын және еңбегіне ақы төлеу мен қаржыландыру көздерін айқындайды.

Ұйымдардың тізбесі жыл бойы қажетіне қарай жаңартып отырады.

Халықты жұмыспен қамту орталығы бекітілген тізбеге сәйкес жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін жастар практикасын қаржыландыруға жұмыс берушімен шарт жасасады.

Жұмыс берушілер халықты жұмыспен қамту орталығымен жасалған шарт негізінде жастар практикасын өту үшін жұмыс орындарын құрады. Жұмыс орындары түлектердің білім беру ұйымдарында меңгерген кәсібі мен мамандығына сәйкес келуі керек. Ал жұмыссыз жастар болса, халықты жұмыспен қамту орталықтарына «Жастар практикасын» ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыссыздарға жастар практикасын өту мәселесі бойынша консультация беріп, келіскен жағдайда жастар практикасына жолдама береді. Содан соң, жұмыс беруші халықты жұмыспен қамту орталығына үміткерді жұмысқа қабылдағаны немесе қабылдаудан

бас тартқаны туралы хабарлайды. Жұмыс беруші үміткерді жұмысқа қабылдаған жағдайда жастар практикасына қатысатын жұмыссыз арасында еңбек шарты жасалады. Бағдарлама бойынша уақытша жұмысқа орналасқан жастар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану арқылы жұмысын атқарады.

Жұмыс беруші болса жастар практикасына қатысушыға кәсіптік білімі мен жұмыс тәжірибесін беру үшін тәжірибелі қызметкерлер қатарынан тәлімгерді бекітеді. Жұмыс берушілер жастар практикасын ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзған жағдайда жастар практикасына қатысушыларға жалақы төлеуге мемлекет жұмсаған шығыстарды жұмыс берушілердің бюджетке өтеуімен олармен жасалған тиісті шартты бұзуға тура келеді.

Сонымен қатар, жұмыс берушінің бастамасымен жұмыс орнында бос орын пайда болған кезде және қатысушының келісімімен жасалған еңбек шартының мерзімі аяқталғанға дейін тұрақты жұмысқа орналастыруға рұқсат беріледі. Бұл ретте жұмыс беруші халықты жұмыспен қамту орталығына Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген мерзімдерде тұрақты жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін жолдайды.

Жастар практикасын қаржыландыру республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздерден жүзеге асырылады. Түлектер қатарындағы жастар практикасына қатысушыларға жалақыны қаржыландыру еңбек шартына сәйкес алты ай ішінде жүзеге асырылады.

Республикалық немесе жергілікті бюджеттен айына субсидиялау, экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді қоспағанда, мөлшері 25 айлық есептік көрсеткішті (салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақыларды және банк қызметтерін ескергенде) құрайды. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жастар практикасына жіберілген жеке тұлғалардың еңбекақысын қоса қаржыландыру және субсидиялау жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындарына және жастар практикасына 2016 жылы "Жұмыспен қамту 2020 жол картасы" бағдарламасы шеңберінде жіберілген адамдарға бұрын жасалған шарттардың мерзімдері аяқталғанға дейін осы Бағдарламаның шеңберінде әлеуметтік жұмыс орындарындағы жұмысын жалғастыруға және жастар практикасын өтуге құқық беріледі.

Жастар практикасы уақытша жұмыс орындарын құру арқылы ұйымдастырылады және мынадай ерекшеліктері бар:

- жұмыс орындарының саны шектелмеген, жұмыс уақытша сипатта болады және оны ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос жұмыс орындарын пайдалануға болмайды;
- жолдама беру сәтінде жолданатын азаматтар үшін уәкілетті органда және/немесе халықты жұмыспен қамту орталығында лайықты тұрақты жұмыс болмаған болуы керек.

Аталмыш бағдарлама түлектерге, олар алған мамандықтар бойынша тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беріп, болашақта тұрақты жұмыс орындарына орналасу үшін ұйымдастырылған.

### **Жастар практикасын қаржыландыру**

Жастар практикасын қаржыландыру жастар практикасынан өту үшін құрылған жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан түлектерге еңбекақы төлеуге мемлекеттік бюджеттен қаражат беруді қамтиды. Жастар практикасын қаржыландыруды жұмыс берушілермен жасалған шарттар негізінде, ай сайын қаржыландырудың бекітілген жоспарларына сәйкес және осы мақсаттарға аудандардың (облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) бюджеттерінде көзделген сома шегінде уәкілетті органдар жүзеге асырады. Уәкілетті орган жастар практикасынан өту үшін жұмыс орындарына орна-

ластырылған түлектерге еңбекақы төлеуді ай сайын, жұмыс берушінің нысан бойынша ұсынған мәліметтері негізінде, нақты орындалған жұмыс уақыты үшін еңбек шартында белгіленген мөлшер негізінде жүргізеді және жастар практикасына қатысушылардың екінші деңгейдегі банктерде ашылған жеке есеп шоттарына ақшалай қаражат аудару арқылы жүзеге асырады.

### **1.1. «ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ОРЫНДАЛУЫ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ (2015-2018 Ж.Ж.)**

«Жастар практикасы» 2009 жылы «Жол картасы» бағдарламасы аясында Қазақстан бойынша 21 жасқа дейінгі 134 жас қатысса, 2010 жылы 137 адам жұмыспен қамтылды. 2011 жылы «Жол картасы» бойынша 24 жасқа дейінгі 50 жас жұмысқа жіберілді. 2012 жылдан бастап, бағдарлама қатысушыларының жас ерекшелігі 24-тен 29 жасқа дейін өзгертілді.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің стратегиялық жоспарының іске асырылуы туралы 2017 жылғы есебінде «2016 жылғы 3 тоқсан нәтижесі бойынша жұмыссыздық деңгейі 4,9 %-ды құрады, ол ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда 0,1 пайыздық тармаққа төмен, 15-28 жас аралығындағы жастар жұмыссыздығы 0,4 % (4,3 %-дан 3,9 %-ға), ал ауылдағы жұмыссыздық деңгейі 0,2 % (4,9 %-дан 4,7 %-ға) төмендеді» - деп айтылған.

Астана қаласында 2015-2016 жылдары «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының үшінші бағыты шеңберінде 916 маманды жастар практикасына жіберу жоспарланған және бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 200,6 млн теңге қаржы бөлінді (Кесте №1).

2015-2016 жылдары Астана қаласында 1251 жас маман жастар практикасына жіберіліп, жалпы саны 389 ұйыммен жастар практикасын ұйымдастыруға келісім-шарттар жасалды. Жастар практикасына қатысқаннан кейін 791 адам тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасты (Кесте №2).

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының шарттарына сәйкес, экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді есепке алмағанда, жастар практикасына қатысушыларға төленетін субсидияның (жалақының) мөлшері айына 18 айлық есептік көрсеткішті (салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақыларды және банк қызметтерін ескере отырып) құрайды.

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы 2016 жылғы 29 желтоқсанда күшін жойып, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданып, 2017 жылдан бастап осы бағдарлама барысында жүргізіле бастады. Астана қаласында 2017 жылы 749 жас азаматты жастар практикасына жұмысқа орналастыру жоспарланды және жастар практикасын іске асыруға республикалық бюджеттен 178,0 млн теңге бөлінді.

2017 жылы 915 адам жастар практикасына қатысты, сондай-ақ, 295 ұйыммен жастар практикасын ұйымдастыру туралы келісім-шарттар жасалды. Жастар практикасына қатысқаннан кейін 646 жас маман тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасқан.

2018 жылдың 1 мамырдағы жағдай бойынша жастар практикасына 264 жас маман жіберілді және 133 ұйыммен келісім-шарт жасалды.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының шарттарына сәйкес, жастар практикасына қатысушыларға ай сайын экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді қоспағанда, 25 айлық есептік көрсеткіш (салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақыларды және банк қызметтерін ескергенде) мөлшерінде жалақы төленеді.

«Жастар практикасы» бағдарламасына бөлінген қаражат жыл сайын өскенін көріп тұрмыз. 2015

жылы 86 млн теңге бөлінсе, 2018 жылы 192 млн теңге бөлініп отыр (Кесте №1).

Жастар практикасын өтуге бағдарлама қатысушыларын жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін ұйымдардың ішінде Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері алдыңғы орынды алып отыр. Талдап көрсек, 2017 жылы 128, ал 2018 жылы 65 ЖСШ Халықты жұмыспен қамту орталығымен келісім-шартқа отырған. Бір жылда жұмыс берушілердің орын сандары 2 екі есеге күрт төмендеген. Ал мемлекеттік мекемелерді қарайтын болсақ, бір жыл ішінде 2,5 есе төмендегенін көріп отырмыз. «Жастар практикасы» бағдарламасы бойынша жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін ұйымдардың жалпы санын алатын болсақ, 2015 жылы – 195, 2016 жылы -196, 2017 жылы – 295, ал 2018 жылы – 151 ұйыммен келісім-шарт жасалды (Кесте №3).

Сонымен қатар, 2015 жылдан 2018 жылға дейін ХЖҚО-ның қанша ұйыммен келісім-шарт жасағаны жайлы екі органға ақпарат алу сұрау салу жіберілді. Астана қаласы әкімшілігінің жауабында (Кесте №3) 2018 жылы – 151 келісім-шарт саны көрсетілген. Ал Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің жауабында жалып 2018 жылы – 133 ұйыммен келісім-шарт жасасқаны туралы ақпарат берілді (Кесте №4). (2017 жылға қарай - 5%, 2020 жылға қарай -10%)»<sup>[12]</sup>. Көріп отырғандарыңыздай, бағдарламада мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін 100 пайызға жеткізу міндет етіп қойылмаған. С1 деңгейі – тілді білудің ең жоғарғы сатысы.

Бұл бағдарламаның алғашқы кезеңін жүзеге асыру мақсатында республикалық және жергілікті бюджеттен жиыны - 19 миллиард теңге (2011 – 5,8 миллиард теңге, 2012 жылы – 6,5 миллиард, 2013 жылы – 6,7 миллиард теңге, 2014-2016 жылдарға 16, 728 теңге бөлінген.

#### **Кесте № 1.**

<b>Жыл</b>	<b>Бөлінген қаражат (млн. теңге)</b>	<b>Айлық жалақы мөлшері (АЕК)</b>	<b>Айлық жалақы мөлшері, (теңге)</b>
<b>2015</b>	86,0	18	46 000
<b>2016</b>	114,6	18	53 800
<b>2017</b>	178,0	25	71 900
<b>2018</b>	192,0	25	76 520

Дереккөз: Астана қаласы әкіміне берілген сұрау салу жауабынан.

**Кесте № 2.**

Жыл	Жастар практикасына жұмысқа орналастыруға жоспарланған адамдардың саны	Жастар практикасынан өтуге өтініш бергендердің саны	Жұмыспен қамтылған адамдардың саны (практикаға қатысқандар)	Жастар практикасын аяқтағаннан кейін жұмысқа
2015	416	590	590	326
2016	500	661	661	465
2017	749	915	915	646
2018	800	264	264	

Дереккөз: Астана қаласы әкіміне берілген сұрау салу жауабынан.

**Кесте № 3.**

жыл/аты	2015	2016	2017	2018
ЖШС	74	73	128	65
Мемлекеттік мекемелер	64	70	89	32
Қоғамдық бірлестіктер	24	16	36	34
ЖК	9	9	15	10
Акционерлік қоғамдар	15	21	15	7
Жеке меншік оқу орындары	2	2	4	1
Үй-жайлар (пәтерлерінің) иелері кооперативтері	1	1	0	0
Және тағы басқалары	6	4	8	2
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	195	196	295	151

Дереккөз: Астана қаласы әкіміне берілген сұрау салу жауабынан.



**Кесте 4.**

<b>Жыл/атауы</b>	<b>Жастар практикасын ұйымдастыру үшін келісім-шарт жасасқан ұйымдардың саны (бірлік)</b>
2015	195
2016	194
2017	295
2018	133

Дереккөз: Астана қаласы әкіміне берілген сұрау салу жауабынан.

### **1.2. НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ЖӘНЕ ЖАППАЙ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ 2017 – 2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША «ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ 2019-2021 ЖЫЛДАРҒА ЖОСПАРЫ.**

2017 жылдан бастап Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын іске асыруға 85,3 млрд. теңге (республикалық бюджеттен - 40,3 млрд. теңге, жалпы сипаттағы трансферттер – 45 млрд. теңге) қарастырылды.

2018 жылдың 1 қаңтарына дейін Бағдарламаға қатысуға 595,7 мың адам жүгініп, олардың 572,9 мыңы Бағдарлама қатысушылары құрамына қосылды.

Бағдарлама қатысушылары құрамына қосылған адамдар ішінде 423,8 мың адам (74%) жұмыссыз, 149,1 мың адам (26%) өзін-өзі жұмыспен қамтығандар болып табылады. Бұл ретте, қатысушылардың 40,3 %-ы 29 жасқа дейінгі жастар, 47,6 %-ы әйелдер, сондай-ақ 8,6 %-ы күнкөрісі төмен азаматтар және 3 %-ы мүмкіндіктері шектеулі адамдар.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсанында Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту құжатында «Жастар практикасы» бағдарламасының жоспары көрсетілген (Кесте №5).

**Кесте 4.**

Жыл/атауы	Жұмыспен қамту орталықтарына жүгінгендердің қатарынан тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан 29 жасқа дейінгі жастардың үлесі	Жастар практикасына қатысушылардың саны (мың адам)
2017	60%	12,7
2018	65%	13,2
2019	68%	13,6
2020	70%	13,8
2021	75%	14,0
жауапты	Еңбекмині, ЖАО	Еңбекмині, ЖАО

Дереккөз: Астана қаласы әкіміне берілген сұрау салу жауабынан.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпарат алу туралы сұрау салуға берген жауабында «2018 жылы Астана қаласында 800 жас маманды жастар практикасына жіберу жоспарланып отыр және бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 192,4 млн теңге бөлінді» - деп көрсетілген.

## **2. АСТАНА ҚАЛАСЫ ЖАСТАРЫ МЕН ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРІНЕ «ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ.**

Зерттеу жұмысы барысында «Жастар практикасы» бағдарламасына қатысты Астана қаласы бойынша респонденттермен жеке сұхбат жүргізілді.

Аталмыш респонденттер 3 топтан тұрады:

«Жастар практикасы» бағдарламасына қатысқан жастар.

«Жастар практикасы» бағдарламасы бойынша жұмыс берушілер.

Астана қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығының мамандары.

Бірінші кезеңде «Жастар практикасы» бағдарламасының қатысушыларымен сұхбат жүргізілді. Екінші кезең жұмыс берушілерге арналды. Респонденттерге қойылған сұрақтар бағдарламаның ашықтығы мен ақпарат алу қолжетімділігіне байланысты құрастырылды.

«Жастар практикасы» бағдарламасы туралы қайдан білдіңіз?» - деген сұраққа респонденттердің 90 %-ы таныстары, достары және бірге оқитын студенттерден білгені туралы айтты. Ал жұмыс берушілердің барлығы Астана қаласында өтетін «Бос орындар жәрмеңкесінде» бұл бағдарламамен танысқандарын айтты.

«Интернет желісінде немесе әлеуметтік желілерде «Жастар практикасы» бағдарламасы жайлы ақпарат көрдіңіз бе? Көрсеніз қай сайтта немесе әлеуметтік желіде?» деген сұраққа жас мамандар ғаламтор желісінде аталмыш бағдарлама туралы ақпарат көрмегендері туралы білдірді. Мысалы, респондент Жакен Бота оны былай түсіндірді: «Жастар практикасына сенімсіздік болды, сондықтан да, қатты көңіл бөліп ақпарат іздестірмедім. Ал көрші топта оқитын құрбым бұл бағдарламағы өтініш беріп, жұмысқа орналасқанда қызығушылық пайда болды. Жастар практикасы шынайы жұмыс жасайтынын құрбымның орналасқанынан кейін ғана көзім жетті». Осы сұраққа жұмыс берушілердің бос уақыты немесе ғаламтор желісінде ақпарат іздейтін уақыттарының жоқтығы байқалды.

Жоғарыдағы сұраққа байланысты үшінші кезең респонденттері (ХЖҚО-ның мамандары) әрқашан өздерінің ресми сайттарын ақпаратпен толықтырып, «Жастар практикасы» бағдарламасына қатысты жаңалықтар басып, бос орындар туралы хабарландыру іліп тұратынын мәлімдеді. Астана қаласы ХЖҚО-ның ресми сайты талдау барысында бағдарламаға қатысты ашық ақпарат, хабарландырулар, жаңалықтар болмады.

«Сіз білім алған оқу орныңызда «Жастар практика» бағдарламасы туралы насихаттау жүргізілді ме?» - деген сұраққа бірінші топ респонденттері бағдарламаның насихаттауын өз оқу орындарында көрмегендерін және ондай іс-шараның болғанын естімегендерін айтты.

## **2.1. АСТАНА ҚАЛАСЫ ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ РЕСМИ САЙТЫН ТАЛДАУ**

Астана қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығының ресми сайтының сипаттамасы (2018 ж. мамыр айы):

ХЖҚО-ның [www.cz.astana.kz](http://www.cz.astana.kz) ресми сайты сипаттау барысында анық көргеніміз ол – үш тілді, барлық құқықтары қорғалған, 2018 жылы қолдануға рұқсат етілген ресми қазақстандық домены қолданған сайт.

«Жалпы ақпарат», «Мемлекеттік қызметкерлердің имиджі», «Қызметкерлерді тағайындау», «Мемлекеттік қызметтер», «Баспасөз орталығы» деген жоғарыда орналасқан 5 колонканы қамтыған. Сол жақ бетінде «Орталық туралы», «Хабарландырулар», «Сайттағы жаңа», «Сөйленген сөздер», «Анонстар», «Презентациялар», «Байланыс» деген 7 бөлімшеден құралған.

Басты бетте ҚР-ның Мемлекеттік Әнұраны, Елтаңбасы, Туы және ҚР-ның Президентінің ресми сайтының суреттері орналасқан.

Жоғарғы оң жақ бетте Twitter және Facebook әлеуметтік желілерінің белгілері тұр.

Жоғарғы оң жағында «Нашар көретіндерге арналған нұсқа» функциясы орналасқан.

2018 ж. маусым айында жасалған талдау барысында:

Сайттың әр бетінде «Теникалық қызмет көрсетілуде» деген жүгіртпе жол жүрді. Мамыр айында жасалған сипаттамадан кейін еш өзгерістер енген жоқ.

Сайттан ақпарат іздеу функциясы қолданған уақытта «Nothing Found», яғни ақпарат жоқ немесе «ақпарат табылмады» деген белгі шығады (Сурет №1).

Жоғары жақтағы 4 колонканың және шеттегі 7 бөлімшенің ешқайсысы ашылмай, оның орнына «ақпарат табылмады» деген жазу шығады.

Тек жалғыз ақпарат орын алған - «Президенттің Қазақстан халқына жолдауы».

Маусым айында жасалған талдауды қорыта келсек, ХЖҚО-ның ресми сайты ашылады, бірақ, ешқандай ақпарат ала алмадық.

2018 жылдың шілде айында жасалған талдау барысында:

Сайттың дизайны өзгерді. (Сурет №1 мен сурет №2 салыстыру)

Маусым айында жасалған талдаудан кейін жоғарыда орналасқан 5 колонка өзгеріске ұшырап, 4 колонкадан тұратын болды, олар – «Жалпы ақпарат», «Елорда тұрғындарына», «Жұмыс берушілерге», «Баспасөз қызметі». Сайтқа өзгірістер еңгізілгенмен ақпаратпен толықтырылмаған.

«Теникалық қызмет көрсетілуде» деген жүгірпе жол орналастырылған.

Жоғары жақтағы 4 колонканың ешқайсысы ашылмады. Ал сол жақ шеттегі 7 бөлімшенің тек, «Байналыс» атты бөлімшесі ашылып, ХЖҚО-ның мекей-жайы, орналасқан орнының картасы, байланыс нөмірі және ашылу мен жабылу уақыты көрсетілген (Сурет №3).

## **2.2. АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ХЖҚО-НЫҢ РЕСМИ САЙТЫН ТАРАЗ ҚАЛАСЫ ХЖҚО-НЫҢ РЕСМИ САЙТЫМЕН САЛЫСТЫРУ.**

Астана мен Тараз қалаларының ХЖҚО-ның ресми сайттарын салыстыру талдауы жасалды. Салыстыру барысында ашықтық пен ақпаратқа қолжетімділікті талдауға көңіл бөлінді.

Астана қалалысының ХЖҚО-ның сайтында байланыс нөмірі мен мекен-жайы беріліп, ашықтық пен қолжетімділікті көрсететін бірде-бір мәлімет көрсетілмеген. Екі сайтта қарапайым дизайнмен әзірленген, екеуінде де керекті колонкалармен қамтылған. Бірақ, «Жастар практикасы» бағдарламасы туралы не колонка, не ашық ақпарат берілмеген. Талдау жұмысының басты мақсаты ашықтық пен қолжетімділікті көрсету болып табылады.

Екі сайтты салыстыру барысында 13 түрлі индикатор арқылы салыстырма кестесі құрылды:

**Кесте 5.**

№	Атауы	Астана	Тараз
1	«Жастар практикасы» бағдарламасы туралы ақпарат	-	+
2	Бюджет қаржысын пайдалану туралы ақпарат	-	+
3	«Жастар практикасы» бағдарламасына бөлінген және жұмсалған қаражат туралы ақпарат	-	-
4	«Жастар практикасы» бағдарламасының 2017-2021 жылға жоспары	-	-
5	«Жастар практикасы» бағдарламасы бойынша бос орындар	-	-
6	Бос орындар тізімі	-	+
7	ХЖҚО басшылығы туралы ақпарат	-	+
8	Нормативтік құқықтық актілер тізбесі	-	+
9	Жалпы статистикалық деректер	-	-+
10	Сұрақ-жауап бөлімшесі	-	+
11	Жаңалықтар мен хабарландырулар	-	+
12	ХЖҚО-ның мекен жайы, телефон нөмірі	+	+
13	Әлеуметтік желілерге сілтеме	+	-

Тараз қаласы Әкімдігінің ХЖҚО-ның ресми сайтына жасалған скриншот көшірмелері қосымша бөлімге тіркелген. Сурет №4 – Сурет №11 аралығы.

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ.**

Астана қаласы бойынша «Жастар практикасы» бағдарламасының ашықтығы мен ақпаратқа қолжетімділігі тақырыбындағы зерттеу жұмысы үш басты бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде «Жастар практикасы» бағдарламасы туралы толық ақпарат берілді, яғни ашылу тарихы, мақсаты, міндеті, орындалуы мен Астана қаласы бойынша нәтижелері. Сонымен қатар 2021 жылға дейінгі Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың бағдарламасының жастар практикасы жайлы қысқаша жоспары берілді. Зерттеудің басты және негізгі бөлімі бағдарламаның ашықтығы мен қолжетімділігі туралы талданды. Талдауда бағдарламаға қатысты үш кезеңге бөлінген үш топпен жеке-жеке сұхбат жүргізілді. Бірінші топ – бағдарламадан өткен жоғарғы және орта оқу орындарының түлектері, екінші топ – бағдарламаға қатысқан Астана қаласының кәсіпкерлері, үшінші топ – Астана қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығының мамандары. Алынған сұхбаттарды талдай келе үшінші топ респонденттерінің жауаптары бірінші және екінші топтар респонденттерінің айтқанымен сәйкеспеді. Сәйкессіздік сұхбаттарды талдау кезінде байқалды. ХЖҚО-ның мамандары Астана қаласының Жоғарғы оқу орындары мен колледждерінде «Жастар практикасы» бағдарламасына насихаттау жүргізетіндерін мәлімдесе, бағдарлама қатысушылары аталмыш өз оқу орындарында насихаттау немесе басқа да іс-шаралардың болғанын көрмегендігін айтты. Екінші келіспеушілік, ХЖҚО-ның мамандары әрқашан өздерінің ресми сайттарын ақпаратпен толықтырып, «Жастар практикасы» бағдарламасына қатысты жаңалықтар басып, бос орындар туралы хабарландыру іліп тұратынын мәлімдеді. Астана қаласы ХЖҚО-ның ресми сайты талдау барысында бағдарламаға қатысты ашық ақпарат, хабарландырулар, жаңалықтар болмады. Оған қоса, бағдарламаларды насихаттау, іс-шаралар мен акциялардың өткізгендігі туралы жазба немесе фото-видео дәлелдемелері ресми сайттарында орналаспаған.

Зерттеу нәтижесінде жасалған талдаудың қорытындылары оқу орындарының түлектері «Жастар практикасы» бағдарламалары туралы ақпараттанбағаны көрінді. Ал Астана қаласының ХЖҚО-ның бағдарлама туралы ақпаратты таратуы өте төмен деңгейде. Бұл жерде ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігінің жоқтығын көріп отырмыз.

### **Ұсыныс.**

ХЖҚО ресми сайтының басты бетінде «Жастар практикасы» атты жеке бет орналастыру. Оның ішінде мынадай бөлімдер орын алуы керек.

Бағдарлама туралы, тарихы, тіркелу ережесі, жалақы мөлшері;

Жұмыссыздар қатарының тізіміне тіркелу;

Бағдарламаға онлайн өтініш жасау;

Бос орындары бар мекемелердің тізімі;

Бюджет қаржысын пайдалануы, орындалуы және жоспары;

Бағдарламаның қатысушылары жайлы ақпараты мен есебі;


Жаңалықтар.

Жастар практикасы бағдарламасының мобильдік қосымшасын (приложение) жасау.


Ресми сайтта бағдарлама қатысушыларының блогын құру .

Сайтқа тіркелушілерге жаңа ақпараттарды жөнелту.

## ҚОСЫМША.



Скриншот жасалған күні: 24.06.2018 ж.



Скриншот жасалған күні: 23.07.2018 ж.

cz.astana.kz/kontakty/ Специальная версия для слабовидящих

**ЦЕНТР ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ АКИМАТА Г. АСТАНЫ**  
официальный интернет-ресурс

Общая информация ▾ Жителям столицы ▾ Работодателям ▾ Пресс-служба ▾

обслуживание.

**Контакты**  
г.Астана, ул Бейбитшилик 25, БЦ Оркен

cz.zhambyl.kz/ru/informatsiya/byudzhettik-arzhy-turaly-a-parat/ Выбор языка ▾ Понед f t

**ЦЕНТР ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ**  
акимата города Тараз Жамбылской области

О ЦЕНТРЕ ▾ НОРМАТИВНО-ПРАВОВЫЕ АКТЫ ▾ ИНФОРМАЦИЯ ▾ НОВОСТИ ▾ ГАЛЕРЕЯ ▾ ВАКАНСИИ ▾ ВОПРОС-ОТВЕТ ▾  
 КОНТАКТЫ ▾ ОТПРАВИТЬ РЕЗЮМЕ ▾

**БЮДЖЕТТІК ҚАРЖЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**


Республикалық және жергілікті бюджет қаржысын пайдалану туралы мәлімет  
 2017 жылға мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары  
 Тексеру нәтижесі туралы мәлімет

cz.zhambyl.kz/ru/foto/yarmarka/ Выбор языка ▾ Понед f t


**ЦЕНТР ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ**  
акимата города Тараз Жамбылской области

О ЦЕНТРЕ ▾ НОРМАТИВНО-ПРАВОВЫЕ АКТЫ ▾ ИНФОРМАЦИЯ ▾ НОВОСТИ ▾ ГАЛЕРЕЯ ▾ ВАКАНСИИ ▾ ВОПРОС-ОТВЕТ ▾  
 КОНТАКТЫ ▾ ОТПРАВИТЬ РЕЗЮМЕ ▾

**ЯРМАРКА**




← → ↻ 📍 cz.zhambyl.kz/kk/bos-oryndar/ 📄 ☆ ⋮

 **ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫ**  
Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің

ОРТАЛЫҚ ЖӨНІНДЕ ▾ НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАР АҚПАРАТ ▾ ЖАҢАЛЫҚТАР ГАЛЕРЕЯ ▾ БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ  
СҰРАҚ ЖАУАП БАЙЛАНЫС ТҮЙІНДЕМЕ

## БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ

- 12.12.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 15.12.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 21.12.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 22.12.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 23.12.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 26.12.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 27.12.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 28.12.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 29.12.2018 жылға Бос жұмыс орындары



← → ↻ 📍 cz.zhambyl.kz/kk/bos-oryndar/ 📄 ☆ ⋮

- 02.07.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 03.07.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 04.07.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 05.07.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 09.07.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 10.07.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 11.07.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 12.07.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 13.07.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 16.07.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 17.07.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 18.07.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 19.07.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 23.07.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 24.07.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 25.07.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 26.07.2018 жылға Бос жұмыс орындары
- 27.07.2018 жылға Бос жұмыс орындары



**«Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту  
орталығы» КММ-де жүргізілген ішкі бақылау жұмыстарының  
қорытындысы туралы  
АКТ**

2016 жылдың 23 желтоқсаны

Тараз қаласы әкімінің аппараты мемлекеттік көрсетілетін қызметті дамыту бөлімшесінің басшысы М.Молдағалиева және бас маманы Т.Жолбарысовамен «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына ішкі бақылау жүргізудің 2016 жылға арналған жоспарына сәйкес, қала әкімі аппараты басшысының 2016 жылғы 14 желтоқсандағы №168 бұйрығының негізінде 2016 жылдың 14-23 желтоқсан айының аралығында Тараз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ішкі бақылау жұмыстары жүргізілді.

Орталық жеке тұлғаларға «Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою», «Жұмыссыз азаматтарға анықтама беру», «Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға жолдамалар беру» мемлекеттік қызмет түрлерін ұсынады. Қызмет алушыларға ақпарат көзі ретінде ғимаратта қызмет алушыларға арналған тақтайшада стандарттар мен регламенттер қазақ және орыс тілінде ілінген.

Орталықтың залындағы стендтерге бос жұмыс орындары туралы мәлімет күнделікті жаңартылып тұрады.

«Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою», «Жұмыссыз азаматтарға анықтама беру» қызметтерін көрсету орталық директоры С.Қойбақованың 08.01.2016 жылғы №02-и бұйрығымен Қорытындылау сараптама бөлімінің басшысы Н.Қабылбековке жүктелген. «Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға жолдамалар беру» қызметін көрсету орталық директоры С.Қойбақованың 08.01.2016 жылғы №02-и бұйрығымен Жастар тәжірибесіне қатысушылармен жұмыс жасау бөлімінің басшысы А.Стамқұловқа, Кәсіби даярлауға қатысушылармен жұмыс жасау бөлімінің басшысы Н.Сатыбалдиевке және Әлеуметтік жұмыс орындарына қатысушылармен жұмыс жасау бөлімінің басшысы Қ.Омарбековаға жүктелген.

Құжаттарды тексеру кезінде Стандарт талаптарын және қызмет көрсету мерзімін бұзу фактілері анықталған жоқ.

**Тараз қаласы әкімі аппаратының**

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ  
БОЙЫНША  
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**



**РЕВИЗИОННАЯ  
КОМИССИЯ ПО  
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ**

20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ года

**Аудиторлық есеп**

Тараз қаласы

2016 жылғы 6 мамыр  
№ 2 дана

**Мемлекеттік аудит объектісінің атауы:**

«Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі *Мекеме*) заңды тұлға ретінде Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі, Жамбыл облысының Әділет департаментінің, Тараз қаласының Әділет басқармасында 2011 жылдың маусым айының 24 жұлдызында қайта тіркелген. Тіркеу номері №11753-1919-ММ

Салық төлеуші ретінде Тараз қаласы бойынша салық басқармасында 2011 жылы маусым айының 29 жұлдызында тіркелген, СТН 211500250015.

Меншік түрі: мемлекеттік мекеме.

Заңды тұлғаның тұрған жері: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қазыбек би даңғылы № 142 «а» үй. Телефондары: 8726-2- 94-11-67, 94-11-62.

Есеп шоты, Жамбыл облысы бойынша Қазынашылық департаментінде тіркелген, нөмірі KZ25070103KSN2115000, мекеменің коды-4511758, БСН-110640018591 БСК-ККМФКZ2А.

**Мемлекеттік аудиттің типі, тексерудің түрі:** Сәйкестік аудиті.

**Мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырма:**

Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Е.Қарабаевтың 2016 жылғы 31 наурыздағы № 27-63 -Т тапсырмасы.

**Мемлекеттік аудитті** Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясының шығыстар бойынша мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспектор-мемлекеттік аудиторы Жаманбаев Малтабар және осы бөлімнің бас маман-мемлекеттік аудиторы Арынов Аманжол жүргізді.

**Мемлекеттік аудиттің мақсаты:**


1) жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатың пайдаланылуына аудит;  
2) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасаудың анықтығы мен дұрыстығына аудит.

**Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2014 жылдың 1 қаңтарынан 2016 жылдың 31 наурызы аралығы.

**Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі:** 2016 жылдың 25 сәуірінен 2016 жылдың 06 мамыры аралығы.

004071

1



	A	B	C	D	E	F
1	<b>Республикалық және жергілікті бюджет қаржысын пайдалану туралы мәлімет</b>					
2						тыс.тенге
3	Мемлекеттік мекеме объектісінің атауы	бюджет деңгейі	мемлекеттік активтерді бюджеттік бағдарламалар атауы мен нөмірі	2016 жыл		2017 жыл
4				жоспар	нақты	жоспар
5						
6	"Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" КММ;	ЖБ	451-023-015 Жұмыспен қамту орталығының қызметін қамтамасыз ету	3117,0	3117,0	60397,0
7			451-067-015 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары			3132,0
8			451-002-100 Қоғамдық жұмыстар	236677,0	236677,0	248819,0
9			451-002-101 Кәсіптік даярлау және қайта даярлау	2639,0	2639,0	4411,0
10			451-002-102 Әлеуметтік қорғау қосымша шаралары	55191,0	55191,0	25558,0
11		РБ	451-002-011 Еңбекпен қамту орталығы	43425,0	43425,0	69933,0
12		451-023-011 Жұмыспен қамту орталығының қызметін қамтамасыз ету	61194,0	61194,0		
13		<b>ИТОГО:</b>			<b>402243,0</b>	<b>402243,0</b>
14						

*4. Нысаналы трансферттер бойынша Келісімдерде көзделген тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілуіне аудит, жеткізілмеген жағдайда себептерін анықтау*

Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша, 2014 жылғы 16 қаңтардағы Келісімде белгіленген тікелей нәтижелер көрсеткіштерінің орындалуы төмендегідей:

- әлеуметтік жұмыс орындарына келісім бойынша 70 адам орналастыру керек болса, нақты 160 адам орналастырылған.
- жастар практикасымен келісім бойынша 350 адам қамтылу керек болса, 529 адам қамтылған.

- өз бетінше жұмыспен айналысушыларды жұмыссыздар мен табысы аз адамдарды қайта даярлау және біліктілігін арттырудан 100 адам қамтылу керек болса нақты 110 адам қамтылған.

- Жұмыспен жартылай қамтылған жалдамалы жұмысшыларды қайта даярлау және біліктілігін арттырудан 200 адам қамтылу керек болса, нақты 200 адам қамтылған.

- 50 қатысушы кәсіптік даярлаудан өтуі керек болса, 50 адам кәсіптік даярлаудан өткен.

- мемлекеттік тапсырыс бойынша нысаналы топтарға жатқызылған адамдар ішіндегі жұмыссыз азаматтарды, сондай-ақ, 50 жастан асқан адамдарды жұмысқа орналастыруға 459 адам, соның ішінде 50 жастан асқан 50 адам жұмысқа орналастыру керек болса, 459 адам, оның ішінде 50 жастан асқан 50 адам жұмысқа орналастырылды.

Түпкілікті нәтижелер көрсеткіштері;

- Қатысушылардың жалпы санына шаққандағы тұрақты жұмыс орындарына орналасқандардың үлесі 68,0 пайыз жоспарланса, нақты 87,1 пайыз құрады;

- Қатысушылардың жалпы санына шаққандағы тұрақты жұмыс орындарына орналасқан мүгедектер үлесі 3,0 пайыз жоспарланса, нақты 3,0 пайыз құрады;

*[Signature]*

*[Signatures]*

